1.6 6123-0301-(0201÷0213) дара сметалық бағаларда металл конструкцияларда мыналарды ескеру қажет: ер-тоқымның тірек бөліктері, кронштейндер мен қамыттар, ернемек қосылыстарының бекіту бөлшектері.

2 Жұмыстардың көлемін есептеу қағидалары

2.1 Тірек конструкцияларының көлемін жобалық мәліметтер бойынша қабылдау керек.

2.2 Күл-қож құбырларын төсеудің ұзындығын үлгілемдік бөліктер мен тығыздамалы компенсаторлары бар учаскелерді шегере отырып, құбырлардың жобалық ұзындығы бойынша айқындаған жөн.

2.3 Күл-қож құбырларын бекітуге арналған болат тірек конструкцияларының салмағын қамыттардың, бұрандамалар мен сомындардың салмағын ескере отырып, жобалық деректер бойынша қабылдау керек.

24-бөлім Электрмен жабықтаудың сыртқы желілері

1 Жалпы нұсқаулар

1.1 Осы Бөлімнің дара сметалық бағалары тұрғын және қоғамдық ғимараттарды салу кезінде сыртқы электрмен жабықтау желілерін орнату бойынша орындалатын жұмыстарға шығындарды анықтауға арналған.

1.2 Сметалық бағаларда тиісті техникалық шарттар мен нұсқаулықтардың талаптарына сәйкес айқындалған электр монтаждау жұмыстарының толық кешенін орындауға арналған шығындар, оның ішінде мыналарға арналған шығындар:

- электр жабдықтары мен материалдық ресурстарды объект маңындағы қоймадан жұмыс жүргізу орнына дейін өткізу;

- көлденең - 1000 м дейінгі қашықтыққа;

- тік - Бөлім топтарына кіріспе нұсқауларда көрсетілген қашықтыққа;

- кабельдердің, сымдардың, шиналардың талсымдарын және жерге тұйықтау өткізгіштерін қосу;

- шиналарды (ауырлардан басқа), ашық шиналарды, троллейлерді, құбырлар мен конструкцияларды бояу;

- электр жабдығын тексеріссіз және кептірусіз қосу мүмкіндігін айқындау;

- электр жабдығын жеке сынау кезіндегі кезекшілік;

- сызбаларды әзірлеу кезінде есепке алынбайтын және оларды дайындау технологиясының шарттары бойынша құрылыс конструкцияларында көзделмеген диаметрі 30 мм кем тесіктерді (қабырғалардағы, арақабырғалар мен аражабындардағы тесіктер әртүрлі тірек-ұстап тұратын конструкциялардың дюбельдерін, түйреуіштері мен қадаларын орнату үшін ғана) тесу;

- зиянды еңбек жағдайлары бар жұмыстар (газбен дәнекерлеу жұмыстары; монтаждау пистолетін қолдана отырып конструкциялар мен бөлшектерді бекіту; бензол, толуол, күрделі спирттер және басқа да зиянды химиялық заттар бар нитро бояуларды және лактарды қолдана отырып, жабық үй-жайларда сырлау жұмыстары, сондай-ақ осы бояулардан құрамдарды дайындау; қорғасынмен дәнекерлеу, қорғасындалған кабельдерді дәнекерлеу және кабель муфталарына қорғасын құю).

1.3 Жалпы нұсқауларда көрсетілген қашықтықтан жоғары биіктікте жұмыс жүргізу кезінде 24-бөлімнің топтарына жұмысшылардың еңбек шығындарының құнына мынадай коэффициенттер қолданылуы керек:

- 1,05 биіктігі 2-ден 8 м-ге дейін;

- 1,1 биіктігі 8-ден 15 м-ге дейін;

- 1,25 биіктігі 15-тен 30 м-ге дейінгі;

- 1,4 биіктігі 30-дан 60 м-ге дейін;

- 1,6 биіктігі 60-тан 100 м-ге дейін;

- 1,8, биіктігі 100 м-ден жоғары.

Бұл коэффициенттер жұмысшылардың көтерілу және түсу уақытын және биіктікте жұмыс істеу кезінде қозғалыстардың тығыздығын ескереді.

24-бөлімнің кіші бөлімдеріне техникалық бөлікте көрсетілген қашықтықтан тыс электр жабдықтары мен материалдық ресурстардың биіктігіне өткізуге арналған шығындарды қосымша айқындау қажет.

1.4 Дара сметалық бағаларда ескерілмеген материалдық ресурстардың қалдық нормалары 24А қосымшасында келтірілген.

1.5 Электр жабдықтарын жөндеу алдындағы тексеру және кептіру жұмыстарын орындау жеке есептеулер бойынша және жабдықты жөндеу алдындағы тексеру және кептіру үшін белгіленген тәртіппен анықталуы керек.

1.6 6124-01-кіші бөлім Тарату құрылғылары мен қосалқы станциялары

1.6.1 «Ашық 6÷330 кВ тарату құрылғыларын монтаждау» деген 6124-0101-топтың дара сметалық бағаларында мыналарға арналған шығындар ескерілген:

- жұмыстарды жүргізу және жабдықтар мен материалдық ресурстарды орнату орнына дейін тік өткізу;

- таза еден белгісінде трансформаторларды орнату;

- майды өңдеуге және құюға арналған құбырлар мен ыдыстарды монтаждау

- «Электр энергиясы желілері және электр энергиясының кәрізі» деген 6124-02-кіші бөлімнің тиісті дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын қайталама тізбектерді, жерге қосу және кабельдерді (трансформатормен жеткізілетіндерден басқа) монтаждау;

- 6124-0101-(13÷16) кестелерден басқа, 6124-03-кіші бөлімнің тиісті дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын жәшіктерді, пультер мен шкафтарды монтаждау;

- 6124-0101-(13÷16) кестелерден басқа тірек конструкцияларын монтаждау;

- 6124-01 және 6124-02-кіші бөлімдердің тиісті дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын ажыратқыш жетектері бар айырғыштарды бұғаттауды монтаждау;

1.6.2 6124-0101-(13÷16, 18) кестелерде мыналар ескерілмеген:

- 6124-0103-(0501÷0503) бойынша айқындалатын 6124-0101 - (1301, 1302) дара сметалық бағалардан басқа, күштік трансформаторларды (оның ішінде өзіндік қажеттіліктер трансформаторларын) монтаждау;

- 110 және 220 кВ ажыратқыштарды монтаждау;

- 6124-0101-(1401, 1501) басқа 6124-0201-топтың дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын кабельдер мен құбырларды төсеу;

- 6124-0208 -топ бойынша айқындалатын 6124-0101 - (1401, 1501) дара сметалық бағалардан басқа жерге тұйықтау контурын төсеу;

- 6124-0101-(1401, 1501) дара сметалық бағалардан басқа жарықтандыруды, найзағайдан қорғау және ЖҚБП жабдықтарын монтаждау;

1.6.3 Кіші бөлімнің сметалық бағаларында мынадай материалдық ресурстардың шығыны ескерілмеген:

темірбетон жүктері; болат арқан (трос); барлық маркалы және қималы сымдар; құбырлар; шиналар; аппараттық қысқыштар және ашық тарату құрылғыларын бекітуге арналған желілік арматура.

1.6.4 6124-0102-топта жұмыстарды жүргізуге және жабдықтар мен материалдық ресурстарды орнату орнына дейін тігінен өткізуге арналған шығындар ескерілген.

1.6.5 6124-0102-топта мыналарға арналған шығындар ескерілмеген:

- 6124-0103-08-кестенің тиісті дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын айырғыштардың мотор жетектерін орнату;

- «Электр энергиясы желілері және электр энергиясының кәрізі» деген 6124-02-кіші бөлімнің тиісті дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын айырғыштарды, қайталама коммутацияны және жерге қосуды бұғаттау құрылғысын монтаждау;

- тірек конструкцияларын орнату;

1.6.6 6124-0102-топтың кестелерінде келесі материалдық ресурстардың шығысы ескерілмеген:

- барлық маркалы және қималы сымдар; құбырлар; таңбалау биркалары.

1.6.7 «Тарату құрылғылары және қосалқы станциялар» деген 6124-01-кіші бөлімнің «Жабық 3-20 кВ тарату құрылғыларын монтаждау» деген 6124-0103-тобының және «Түрлендіру құрылғыларын монтаждау» деген 6124-0104-тобының дара сметалық бағаларында жұмыстарды жүргізуге және жабдықтар мен материалдық ресурстарды 2 м дейінгі биіктікке тігінен өткізуге арналған шығындар ескерілген.

1.6.9 «Жабық 3-20 кВ тарату құрылғыларын монтаждау» деген 6124-0103-топтың дара сметалық бағаларында мыналарға арналған шығындар ескерілмеген:

- «Электр желілері және электр энергиясының кәрізі» деген 6124-02-кіші бөлімнің осы бөлімінің «500 кВ дейінгі кабельдік желілерді төсеу» деген 6124-0201-тобының тиісті дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын кабельді бөлу;

- компрессорлық қондырғылар мен ауа өткізгіштерді ауа ажыратқыштарына монтаждау;

- тірек металл конструкцияларын монтаждау;

- экрандалмаған ток өткізгіштер үшін тірек және өту оқшаулағыштарын орнату;

- кіріктіре орнатылған ток және кернеу трансформаторларын, айырғыштар мен ажыратқыштарды монтаждау;

- желдету-салқындату қондырғыларын монтаждау.

1.6.10 «Жабық 3-20 кВ тарату құрылғыларын монтаждау» деген 6124-0103-топтың дара сметалық бағаларында мынадай материалдық ресурстардың шығысы ескерілмеген:

- компенсаторлар; өтпелі тілімшелер; асбест-цемент тақталар; құбырлар; барлық профильдер мен қималардың түсті металдарынан жасалған шиналар; шина ұстағыштар; таңбалау биркалары.

1.6.11 «Жабық 3-20 кВ тарату құрылғыларын монтаждау» деген 6124-0103-топтың және «Түрлендіру құрылғыларын монтаждау» деген 6124-0104-топтың дара сметалық бағаларында мыналарға арналған шығындар ескерілмеген:

- «Тарату құрылғылары және қосалқы станциялар» деген 6124-01-кіші бөлімнің тиісті дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын трансформаторларды монтаждау;

- «Төмен вольтты жиынтық құрылғыларды монтаждау» деген 6124-0303-топтың тиісті дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын қалқандарды монтаждау;

- «Электр желілері және электр энергиясының кәрізі» деген 6124-02-кіші бөлімнің «Электртехникалық қондырғылардың жерге тұйықтау желілерін монтаждау» деген 6124-0203-тобы бойынша айқындалатын жерге тұйықтау шиналарын төсеу;

- осы Бөлімнің «Тарату құрылғылары және қосалқы станциялар» деген 6124-01-кіші бөлімінің тиісті дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын салқындату жүйесінің құрылғысы.

1.7 6124-02-кіші бөлімі Электр желілері және электр энергиясының кәрізі

1.7.1 «Электр желілері және электр энергиясының кәрізі» деген 6124-02-кіші бөлімнің «500 кВ дейінгі кабельдік желілерді төсеу» деген 6124-0201-тобының дара сметалық бағаларында жұмыстар жүргізуге және жабдықтар мен материалдық ресурстарды 5 м дейінгі биіктікке тігінен өткізуге арналған шығындар ескерілген. Егер жобада көтеру механизмдерін қолдану көзделген болса, олардың жұмыс уақытын құрылысты ұйымдастыру жобасының деректері бойынша қосымша ескеру қажет.

1.7.2 «500 кВ дейінгі кабельдік желілерді төсеу» деген 6124-0201-топтың шығындарында мыналарға арналған шығындар ескерілген:

- тігілген полиэтиленнен жасалған кабельге арналған анкерлік және шектеу конструкцияларын, ұштық муфталарды монтаждау; құбырлардың дәнекерленген жалғанымдарын бақылау;

- трансформаторларға кабельдік ендірмелердің шатырларын, тігілген полиэтиленнен жасалған кабельге арналған жалғағыш және ұштық муфталарды орнату және бөлшектеу;

1.7.3 6124-0201-топтың дара сметалық бағаларында мынадай материалдық ресурстардың шығысы ескерілмеген:

- кабельдік бітеу (материалдар жиынтығы);

- қуат беретін қысқыштар;

- жабдық ретінде есепке алынатын жабдық жиынтығында жеткізілетін, схема бойынша бөлінген ұштары бар өлшегіштерден басқа, барлық маркалар мен қималардың кабельдері;

- болат арқан (трос), кермелі муфталар;

- кабельді бекітуге арналған материалдар;
- герметикалағыш кассеталар;
- кірпіш;
- металл кабельдік конструкциялар;
- қораптар;
- кабельдік муфталарға арналған қорғаныш қаптамалар;
- құбырларды бекітуге арналған кронштейндер;
- металл науалар;
- кабельдік муфталар және тігілген полиэтиленнен жасалған кабельге арналған жалғағыш және ұштық муфталар;
- ұштықтар;
- асбест-цемент және темірбетон тақталар, арақабырға жалғағыштары;
- құбырлар;
- кабельдік капалар;
- сигнал таспалары;
- оқшаулағыш төлкелер мен қақпақтар,
- жалғағыш гильзалар.

1.7.4 «Электр желілері және электр энергиясының кәрізі» деген 6124-02-кіші бөлімнің «Сыртқы электр жарықтандыруды монтаждау» деген 6124-0202-тобының дара сметалық бағаларында мынадай материалдық ресурстардың шығыны ескерілмеген:

- шыны мен стартерлерді қоса алғанда, жарықтандыру арматурасы;
- оқшаулағыштар;
- болат арқан (трос);
- «Өту» бағаналары;
- компенсаторлар;
- шамдарға арналған кронштейндер;
- ілгектер;
- электр шамдары;
- тақтайлар;
- бағандық сақтандырғыштар;
- шамдарды жерге тұйықтауға арналған сымнан басқа барлық маркалы және қималы сымдар;
- іске қосу-реттеу аппараттары;
- аспалы роликтер;
- тіреулер (08-02-374-кесте);
- траверс;
- болат құбырлар;
- қамыттар;
- тіректерге цокольдер;
- 6124-0205-(1001÷1003) басқа оқшаулағыш қақпақтар мен төлекелер;
- жалғағыш гильзалар

1.7.5 «Электртехникалық қондырғылардың жерге тұйықтау желілерін монтаждау» деген 6124-0203-топта жұмыстарды жүргізуге және жабдықтар мен материалдық ресурстарды 2 м биіктікке тігінен өткізуге арналған шығындар ескерілген.

1.7.6 6124-0203-топтың дара сметалық бағаларында жерге тұйықтағыштардың, сымның шығысы ескерілмеген.

1.7.7 6124-0203-топтың дара сметалық бағаларында жер жұмыстары көзделмеген.

1.8 6124-03-кіші бөлім Электр күштік және электрмен жарықтандыру қондырғылары

1.8.1 Машиналар мен агрегаттарды орнатуға арналған «Электр машиналарын монтаждау» деген 6124-0301-топтың дара сметалық бағаларында мыналарға арналған шығындар ескерілмеген:

- 6124-0103-2703 бойынша айқындалатын қорғаныш қоршауларының құрылысы;
- «Элсіз тоқты жүйелер» деген 25-бөлімнің тиісті дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын температуралық, су ағыны релелерін орнату;

1.8.2 Агрегаттарды сынауға, баптауға тапсыруға дайындау, сондай-ақ агрегаттарды электр желісіне қосу агрегат құрамына кіретін әрбір машина үшін жеке 6124-0301-топтың тиісті дара сметалық бағалары бойынша анықталады.

1.8.3 6124-031-топтың ресурстарында желдеткіш қаптамаларды, іргетасты бұрандамаларды, муфталарға арналған бұрандамалар мен тістерді, кілтектерді, мойынтіректер астындағы оқшаулағыш төсемдерді және дайындаушы зауыт жеткізетін жабдықтың керек-жарағы болып табылатын басқа да бөлшектерді дайындауға арналған шығындар ескерілмеген.

1.8.4 6124-0301-топта келесі материалдық ресурстардың шығысы ескерілмеген:

- металл сыналар;
- кронштейндер;
- металл төсемдер;
- барлық пішіндегі және қимадағы түсті металдардан жасалған шиналар;

1.8.5 «Іске қосу-реттеу құрылғыларын монтаждау» деген 6124-0302-топтың дара сметалық бағаларында жұмыстарды жүргізуге және жабдықтар мен материалдық ресурстарды 2 м дейінгі биіктікке тігінен өткізуге арналған шығындар ескерілген.

1.8.6 6124-0302-топта мыналарға арналған шығындар ескерілмеген:

- 6124-01-кіші бөлімнің «Жабық 3-20 кВ тарату құрылғыларын монтаждау» деген 6124-01-тобының тиісті дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын резистор блоктары арасындағы шиналық және басқа да жалғанымдарды төсеу.

- 6124-0103-2703 бойынша айқындалатын резистор блоктарының қорғаныш қоршауларын орнату;

- 6124-0302-1501 бойынша айқындалатын кабельдік ендірмелер мен электр жабдықтарын қорғауға арналған қаптамаларды орнату;

- 6124-0302-14-кестенің дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын қысқыштары бар қораптарды орнату;

1.8.7 6124-0302-топта келесі материалдық ресурстар ескерілмеген:

- штепсельдік аппараттар;

- пакеттік ажыратқыштар мен ауыстырып-қосқыштар;

- іске қосу құрылғыларына дистанциялық берілістердің бөлшектері (біліктер, тартқыштар, мойынтіректер, иінтіректер және т. б.);

- 400 А дейінгі токқа ажыратқыштары, сақтандырғыштары немесе штепсельді розеткалары бар тарату бағаналары (модульдік сымдар үшін);

- қысқыштары бар қораптар;
- әмбебап ауыстырып қосқыштарға арналған қораптар;
- штепсельдік қораптар;
- маймен толтырылған аппараттарға арналған майлар;
- 1000 В дейінгі кернеу үшін 400 А дейінгі токқа барлық үлгідегі сақтандырғыштар;
- 400 А дейінгі токқа қосқыштар;
- 400 А дейінгі токқа ажыратқыштар мен ауыстырып қосқыштар;
- орнатылған жабдығы жоқ барлық үлгідегі іске қосу және күштік жәшіктер;
- 400 А дейінгі токқа сақтандырғыштары, ажыратқыштары, айырғыштары және

ауыстырып қосқыштары бар қалқандар, шкафтар мен жәшіктер;

- жарықтандыру желілері үшін пайдаланылатын орнату автоматтары бар барлық үлгідегі және түрдегі қалқандар, шкафтар және пункттер

1.8.8 «Төмен вольтты құрылғыларды монтаждау» деген 6124-0303-топтың дара сметалық бағаларында жұмыстарды жүргізуге және жабдықтар мен материалдық ресурстарды 2 м дейінгі биіктікке тігінен өткізуге арналған шығындар ескерілген

1.8.9 6124-0303-топта мыналарға арналған шығындар ескерілмеген:

- 6124-01-кіші бөлімнің «Жабық 3-20 кВ тарату құрылғыларын монтаждау» деген 6124-0103-тобының дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын қалқандарды дара панельдермен жеткізу кезінде құрама шиналарды монтаждау;

- қосымша жиынтықты қысқыштарды орнату және дайындаушы зауыттар монтаждағандарға қосымша сымдарды төсеу;

- кабельдік ұштықтарды монтаждау;

1.8.10 6124-0303-топта мынадай материалдық ресурстар ескерілмеген:

- барлық маркалар мен қималардың сымдары;

- барлық пішіндер мен қималардың шиналары;

- шкафтар.

24А қосымшасы

(міндетті)

24А.1 кестесі - Дара сметалық бағаларында ескерілмеген материалдық ресурстардың қалдың нормалары

Материалдықресурстар	Қалдық нормасы, %
1	2
Органикалық шыныдан жасалған сейілткіші бар люминесцентті арматура	1
Пластмасса жарықтандыру арматурасы	1
Фарфор және шыны жарықтандыру арматурасы	3
Ашық тарату құрылғыларын бекітуге арналған аппараттық қысқыштар мен желілік арматура	3
Барлық маркалар мен қималардың кабельдері	2
Барлық түрдегі, мақсаттағы және қуаттағы электр шамдары	2
Қимасы 10 мм ² дейін қоса алғанда барлық маркалы сымдар	3
Қимасы 10 мм ² жоғары барлық маркалы сымдар	2
Жарықтандыру арматурасына арналған шыны	2
Тростар	2
Асбестцемент және пластмасса құбырлар	2
Түсті металдардан жасалған болат құбырлар және жеңдер (шлангілер)	3
Барлық пішіндегі және қимадағы түсті металдардан жасалған шиналар мен таспалар	3
Электр қондырғы бұйымдары	2

25- бөлім Әлсіз ток желілері

I. Байланыс жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар

1-бөлім Жаңа кәсіпорындарды салу, кеңейту, қайта жаңарту және жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды техникалық қайта жарақтандыру кезінде байланыс жабдығын монтаждау, электрлік тексеру, реттеу, жаттықтыру және күйге келтіру бойынша жұмыстарға арналған дара сметалық бағаларды қамтиды.

2 Дара сметалық бағаларда монтаждауға арналған тиісті техникалық шарттар мен нұсқаулықтар негізінде айқындалған монтаждау жұмыстарының толық кешенін орындау ескерілген, соның ішінде:

А) Бөлімнің кіші бөлімдеріне кіріспе нұсқауларда айтылған жағдайларды қоспағанда, 25.I.A қосымшасында келтірілген қашықтықтарға жабдықтар мен материалдық ресурстарды өткізу;

Б) 6125-0101 және 6125-0301-кіші бөлімдердің дара сметалық бағалары бойынша жабдықты монтаждау кезінде еденді (паркет, линолеуммен немесе пластикпен жабылған) зақымданудан қорғау;

В) 6125-0401 және 6125-0501-кіші бөлімдерден басқа, объектілерді пайдалануға беруді қамтамасыз ететін байланыс жабдықтары мен құрылыстарын электрлік тексеру, реттеу, жаттықтыру және баптау бойынша жұмыстар кешені;

Г) жабдықты бояу, монтаждау процесінде дайындалатын конструкцияларды бояу және технологиялық белгілерді жазу.

3 «Әлсіз ток желілері» деген 25-бөлімнің, «Байланыс жабдықтарын монтаждау бойынша жұмыстар» деген бөлігінің дара сметалық бағалары үшін негізгі материал жеке көрсетіледі.

4 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілмеген:

а) «Электрмен жабдықтаудың ішкі жүйесі» деген 19-бөлімнің тиісті дара сметалық бағалары бойынша анықталатын электрмен қоректендіру жабдықтарын монтаждау, сондай-ақ барлық кабельдерді төсеу (кіші бөлімдерге және топтарға барлық кіріспе нұсқауларда айтылған жағдайларды қоспағанда), жерге тұйықтау (жоғары жиілікті қоспағанда) және талшық қимасы 10 мм² күштік кабельді және бақылау кабельдерін шеткі бөлу.

5 Дара сметалық бағаларда тізбесі Е қосымшасында, сондай-ақ кіші бөлімдер мен топтарға кіріспе нұсқауларда келтірілген материалдық ресурстар ескерілмеген. Кабельдің, сымдар мен құбырлардың шығысы жоба бойынша шығындар мен қалдықтар нормаларын ескере отырып қабылданады.

6 Жабдық салмағының өзгеруіне байланысты монтаждау дара сметалық бағаларын өзгерту жүргізілмейді.

7 Жабдықты бөлшектеу шығындарын анықтау кезінде монтаждауға арналған ұқсас дара сметалық бағаларға, 25.I.1-кестеде келтірілген машинистердің еңбек шығындарына қоса, құрылысшы-жұмысшылардың еңбек шығындарының құнына және машиналарды пайдалану уақытына коэффициенттерді қолдану керек. Бұл ретте материалдарға, бұйымдарға, конструкцияларға ресурстардың шығындарын алып тастау керек

25.I.1-кесте

Кіші бөлім	01, 04, 05, 07	02			03			06	
1	2	3			4			5	
Топ	Толығымен	01	02, 05	03, 04	01	02	03	01	02
Коэффициент	0,5	0,3	0,4	0,5	0,5	0,45	0,4	0,3	0,45

8 Жабдықтар атауларының және жұмыс түрлерінің шартты белгілері (қысқартулары) Ж қосымшасында келтірілген.

9 Дара сметалық бағалар бағдарламалық-техникалық құралдар кешені (БТҚК) немесе жабдықпен жеткізілетін техникалық құралдар кешені (ТҚК) - сериялық, жинақталған, жүктелген жүйелік және қолданбалы бағдарламалық қамтылымы бар жағдайларға негізделе отырып әзірленді.

6125-01-кіші бөлім Қалалық телефон байланысы жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

Кіші бөлім АТС, АТС кросстарын, станцияаралық жалғау желілерін тығыздауға арналған жабдықты монтаждау бойынша жұмыстарға арналған дара сметалық бағаларды қамтиды.

6125-0101-топ Автоматты телефон станцияларының жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілмеген:

а) 6125-0104-01-кестенің тиісті дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын магистральдық жолақтарды бекітуге арналған бұрыштықтарды орнату;

б) 6125-0105-01-кестенің дара сметалық бағалары бойынша және «Электрмен жарықтандырудың ішкі жүйесі» деген 19-бөлімнің тиісті сметалық бағалары бойынша айқындалатын жұмыстардың құрамында айтылғандардан басқа кабельдерді, сымдар мен шиналарды төсеу;

в) 6125-0105-01-кестенің дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын станциялық кабельдерді қосу.

6125-0102-топ Кросс жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілмеген:

а) 6125-01-кіші бөлімнің 6125-0102-тобының тиісті дара сметалық бағалары бойынша анықталатын штифтік рамаларды орнату, сигнал беруді монтаждау және электрлік тексеру;

б) 6125-0702-(0920÷0921) дара сметалық бағалар бойынша анықталатын қорғау жолақтарын орнату.

6125-0103-топ. Станцияаралық байланыстарды тығыздау аппаратурасының жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілген:

а) соңғы станцияның қаңқасын құрастыру, орнату және бекіту;

б) қаңқаға аппаратура блоктарын орнату;

в) аралық станцияны қазаншұңқырға орнату;

г) тұрақтандыру кабелін орнату және монтаждау;

д) желілік регенеративті күшейткішті орнату;

е) аралық станцияның корпусына ауаны айдау;

ж) желілік жолдың аяқталу блогын қалған жабдықпен қосу;

з) қашықтан қоректендіруді желіге қосу;

- и) телефон арналарының амплитудалық-жиіліктік сипатын өлшеу;
 - к) шлейф пен асимметрияның оқшаулау кедергісін өлшеу;
 - л) күшейткіш учаскенің өшуін өлшеу;
 - м) қашықтықтан қоректендіру тізбектерін өлшеу.
- 2 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілмеген:
- а) ойықтарды белгілеу және тесу;
 - б) АТС қосуға арналған станциялық кабельді монтаждау;
 - в) қоректендіруші сымдар мен кросс жолын дайындауды монтаждау

6125-0104-топ Металл ауа науаларының жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

- 1 Дара сметалық бағаларда рамадан және науалар мен қамыттарды бағанға түсіру-көтеруді бекітуге арналған қаптамадан басқа науалар мен бекіту бөлшектері ескерілмеген.
- 2 Жабдықпен жиынтықта жеткізілетін науалар мен бекіту бөлшектері жабдық ретінде ескеріледі.

6125-0105-топ Станциялық кабельдер мен сымдарды монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

- 1 Бір сымды кабельдерді бөлу және қосу 0,8 коэффициентін қолдана отырып, 6125-0105-(0132÷0133) дара сметалық бағалар бойынша анықталады.
- 2 6125-0105-0134-дара сметалық бағада аспаптар мен жұмыс орындарының схемаларында қайта монтаждау, сондай-ақ жабдыққа қосымша тақталар мен жеке аспаптарды қосу қарастырылған. Схеманы қайта жасаумен дәнекерлеу дара сметалық бағаға 1,6 коэффициентін қолданумен анықталады.
- 3 Объектіде 10 км-ге дейін және 50 км-ден астам төсеу кезінде әуе науалары арқылы кабельді төсеу жұмысшылардың, машинистердің еңбек шығындарына және машиналар мен механизмдерді пайдалану уақытына келесі коэффициентпен 6125-0105-(0401÷0403) дара сметалық бағалар бойынша анықталады:
- 1,1 - 10 км-ге дейін;
 - 0,8 - 50 км-ден астам.
- 4 Төбелер бойынша кабельдер мен сымдарды төсеу жұмысшылардың, машинистердің еңбек шығындарының құнына және машиналар мен механизмдерді пайдалану уақытына 1,15 коэффициентімен 6125-0105-(0501÷0509) дара сметалық бағалар бойынша анықталады.

6125-02-кіші бөлім Жергілікті телефон байланыс жабдықтарын монтаждау

6125-0201-топ Шағын көлемді автоматты телефон станцияларының жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

- 1 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілген:
- а) енгізу қалқандарын, сигнал беру, жерге қосу қалқандарын монтаждау, электр қоректендіру кабельдері мен сымдарын төсеу;
 - б) 6125-0201-0102 дара сметалық баға бойынша өнеркәсіп қалқандары мен енгізу-кросстық жабдықтарды монтаждау.

2 Дара сметалық бағаларда станциялық кабельдерді, сымдар мен сигнал беруді төсеу, бөлу және қосу ескерілмеген.

6125-0202-топ Жедел-телефон байланысы жабдықтарын монтаждау
Кіріспе нұсқаулар

- 1 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілген:
 - а) станцияларды, пульттерді, қондырғылар мен сөйлесу құрылғыларын орнату, реттеу және жаттықтыру;
 - б) станциялық кабельдердің ұштарын екі жағынан аппаратураға және кроссқа қосу.
- 2 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілмеген:
 - а) үстел коммутаторларын орнату кезінде үстелді монтаждау;
 - б) кабельдерді төсеу және олардың шығысы.

6125-0203-топ Телефон аппараттарының жабдықтарын монтаждау
Кіріспе нұсқаулар

1 Осы топта телефон аппараттарын орнату және қосу, абоненттерге әйуе ендімесінің найзағайдан қорғау құрылғысы, тарату қораптарына 1×2 кабельді қосу бойынша дара сметалық бағалар бар.

6125-0204-топ Квизиэлектронды автоматты телефон станциясының жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

- 1 6125-0204 (0101÷0113) дара сметалық бағаларда мыналар ескерілген:
 - а) статив қатарлары шегінде оларды стативтерде қалыптай отырып, кабельді жалғанымдар мен қоректендіру шиналарын төсеу;
 - б) қоректендіру бұрмаларын станция аспаптарына қосу;
 - в) жерге тұйықтау құралдарын стативтерге қосу;
 - г) аппаратураға штепсельдік ажыратқыштарға бөлінген станциялық кабельдердің ұштарын қосу.
- 2 Дара сметалық бағаларда нақты құрылыс объектісінің жобасында әзірленген бағдарламаны байланыстыру және оны машина тасымалдағышына ауыстыру және реттеу ескерілмеген.
- 3 Дара сметалық бағаларда Б қосымшасында келтірілген станцияны орнату үшін электр энергиясы ескерілмеген.

6125-0205-топ «Исток» ИАТСКЭ телефондық интегралдық квазиэлектрондық станциясының жабдықтарын монтаждау.

Кіріспе нұсқаулар

- 1 Дара сметалық бағаларда Д қосымшасында келтірілген станцияны орнату үшін электр энергиясы ескерілмеген.
- 2 Дара сметалық бағаларда 6125-0104-0304-дара сметалық баға бойынша айқындалатын «Тор» типіндегі кабельростты орнатуға арналған шығындар ескерілмеген.

6125-03-кіші бөлім Сымды қалааралық байланыс жабдықтарын монтаждау

6125-0301-топ Желілік-аппараттық цехтың жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілген:

а) 6125-0301-(0101÷0104) дара сметалық бағалар бойынша - қоректендіру және жерге тұйықтау кабельдері мен сымдарын бөлу, жабдыққа қосу;

б) 6125-0301-(0201÷0214) дара сметалық бағалар бойынша - алмалы-салмалы тақташалар мен аспаптарды орнату.

2 Әуе науаларын, ауыстырып қосу тірегіндегі штифті рамаларды (тарамдарды), сигнал беру құрылғыларын, станциялық кабельдерді, қалқандарды, тақталарды және әртүрлі негіздердегі басқа да құрылғыларды монтаждау 6125-01-кіші бөлімнің дара сметалық бағалары бойынша айқындалады.

3 Жерасты термокамераларында (НУП) жабдықты монтаждау осы топтың дара сметалық бағалары бойынша айқындалады, бұл ретте:

а) екі жартылай шұңқырдан тұратын тіреулерді монтаждау оның салмағына байланысты әрбір жартылай тіреулер бойынша анықталады;

б) 6125-0301-(0101÷0104) дара сметалық бағалардағы еңбек шығындарының құны мен машиналардың жұмыс уақытына жабдықты тарқату, буып-түю және қоректендіру пункттерінен орнату орнына дейін өткізу бойынша қосымша жұмыстарды ескеретін 1,4 коэффициенті қолданылады.

4 6125-0301-(0205÷0209) дара сметалық бағалар жұмыстың күрделілігіне байланысты бес топ бойынша берілген:

- бірінші - генераторлық жабдықтардың тіреулері, топтарды бөлу, телевизиялық бағдарламаларды бақылау, мысалы: СУГО, СВВГ, СВПГ, СТГО, САЦО-УД, СВВГ (ИКМ), СКТПВ;

- екінші - түрлендіргіш тіреулер (үндестік және топтық түрлендіру), арналарды бөлу, телевизия мен дыбыстық сүйемелдеудің, телевизиялық қызмет көрсетудің, түзетудің, қызметтік байланыстың таратушы және қабылдаушы құрылғылары, мысалы: СЛО, СЛО-В, СВПГ-1ПГ, СВПГ-2ПГ, СКТТ, СТТГ, СОЛТ (ИКМ), СОО-С (ИКМ), СОО (ИКМ);

- үшінші - күшейту жабдығының тіреулері, арналарды біріктіру және бөлу, жолдарды қайта қосу, әуе тізбектерінің беріліс жүйелерінің аралық станциялары, ЛУ, СЛУК, СПУН, К-60П, НУП-К-60П, СВ-НУП, НУП-8, ПОВ, ОУП-В, ОУП-ОТ, ОУП-П, НУП-К-60П-4, СЛО, НРП-Г8, НРП-4К, НРП-02, РЛ, НРПК-12;

- төртінші - коммутациялық және қосалқы жабдықтардың тіреулері, мысалы: СТВГ, СКП, СКВТ, СК, СТВТ, СКТВ, ССЛ, СТПГ-К-М, СТПГ-АК;

- бесінші - енгізу, сынау, бақылау-өлшеу, қоректендіру, ток тарату, реттеу тіреулері, мысалы: ВС, ВИС, ВКС, СП, СДП, САРН.

6125-0302-топ Қалааралық қол және жартылай автоматты телефон станциясы жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілген:

6125-0302-(0101÷0110):

а) аппаратураға қоректендіру сымдарын және бұрмалар құрылғысымен жерге тұйықтау сымдарын қосу;

б) авариялық жарықтандыруды монтаждау;

6125-0302-(0201÷0209):

в) реле мен жабдықтағы басқа құрылғылардың реттелуін тексеру;
 г) қалааралық, жалғау және қызметтік желілер мен тікелей абоненттер стативтерінен басқа стативтердегі сигнал беруді электрлік тексеру.

2 Қатарлардың қаңқаларын, аралық ауыстырып қосу қалқандарын, әуе науаларын, аспаптарды, есептегіштерді, қалқандарды, штифтік рамаларды, сигнал беру тақталары мен тақташаларын, қатарларды жарықтандыруды, ауыстырып қосудың аралық қалқандарының кросс жолын дайындауды, станциялық кабельдерді бөлшектеу мен қосуды, сигнал беру құрылғыларын электрлік тексеруді монтаждау 6125-01-кіші бөлімнің тиісті дара сметалық бағалары бойынша айқындалады.

6125-0303-топ Халықаралық автоматты және электронды телефон станциясының жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілмеген:

а) 6125-0104-(0201÷0206) тиісті дара сметалық бағалар бойынша анықталатын бұрыштықтар мен магистральды швеллерді орнату;

б) 6125-01-кіші бөлімнің 6125-0105-тобының дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын 6125-0303-(0201 ÷ 0208) дара сметалық бағалар бойынша сигнал беру кабельдері мен сымдарынан және қоректендіру бұрмаларынан басқа, кабельдер мен сымдарды төсеу және стативтерге қосу;

в) 6125-0104-(0101÷0109) дара сметалық бағалар бойынша айқындалатын науаларды орнату;

г) 6125-0105-(0201÷0213) тиісті дара сметалық бағалар бойынша анықталатын аралық қалқандардың кросс жолын дайындау;

д) 6125-0101-(0108÷0110) дара сметалық бағамен айқындалатын тақталарды орнату;

е) жедел-ізвестіру іс-шаралары жүйесінің (ЖІШЖ) жабдықтарын монтаждау және баптау.

2 6125-0303-(0601÷0609, 0701÷0705) дара сметалық бағалар осы жабдықты дайындаушы немесе оның өкілдері, сондай-ақ жабдықты дайындаушы аттестаттаған ұйымдар орындайтын Миник DX-500 үлгісіндегі электрондық АТС монтаждау және баптау бойынша жұмыстарға келтірілген.

3 6125-0303-(0701÷0705) дара сметалық бағаларды қолданған кезде диспетчерлік байланыс жүйелері үшін DX-500 Миник станцияларын монтаждау 6125-0303-(0601÷0609) тиісті дара сметалық бағалар бойынша айқындалады.

4 Осы топтың дара сметалық бағаларында мынадай өлшем бірліктері қабылданды:

Учаске - монтаждау және (немесе) іске қосу-жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін бөлінген, бір немесе бірнеше станциядан тұратын станциялар тобы; учаске қолданыстағы жүйеге қосылуы немесе дербес бапталуы мүмкін. Қолданыстағы жүйеге қосылған кезде есептеу қолданыстағы учаскелердің станцияларындағы жаңа байланыстарды ескере отырып жүргізіледі.

Диспетчерлік байланыс тізбегі (желісі) - жобалық құжаттамада көрсетілген диспетчерлік байланыс жүйесіндегі абоненттер арасындағы барлық қажетті байланыстар (екі жақты байланыстар диспетчерлік байланыстың екі желісі ретінде есептеледі).

Топтық арна - бір немесе бірнеше басшылармен (басқарушылармен) және параллель қосылған абоненттер тобымен сандық, аналогтық немесе сандық-аналогтық байланыс тізбегі.

ISDN соңғы жабдығы - ISDN сандық аппараттары және оларға кеңейту модульдері (пульттер мен тіркемелер).

6125-0304-топ Телеграф станциясының жабдықтарын монтаждау
Кіріспе нұсқаулар

1 Телеграф жабдықтарын монтаждауға арналған дара сметалық бағалар былайша айқындалады:

а) үндестік телеграф бағандарын орнату - 6125-0301-(0101÷0104) дара сметалық бағалар бойынша;

б) ауыстырып қосудың аралық қалқандарын, қалқандарды, тақталарды, штифтік рамкалар мен әуе науаларын орнату, ауыстырып қосудың аралық қалқандарын кесіп өту және абоненттік телеграфты электрлік тексеру, станцияны электрлік тексеру және жаттықтыру - 6125-01-кіші бөлімнің тиісті дара сметалық бағалары бойынша.

6125-0305-топ Байланыс арналарын баптау

Кіріспе нұсқаулар

1 Пайдаланудағы әуе желілерінің тізбектері бойынша байланыс арналарын баптауды 1,1 коэффициентімен осы топтың тиісті дара сметалық бағалары бойынша анықтайды.

2 6125-0305 - (0401÷0425) дара сметалық бағаларда тығыздау жүйесін екі бағытта баптау ескерілген.

3 Бір уақытта сәйкес келетін қуат нүктелері бар бірнеше сызықтық жолдарды, сондай-ақ сәйкес келетін қуат нүктелері бар сызықтық жолдарды баптағанда, бір жолды қоспағанда, барлық жолдарды баптау дара сметалық бағаларына 0,6 коэффициенті қолданылады.

4 Коаксиалды кабель желілерінің сызықтық жолдарын баптауға арналған дара сметалық бағалар қашықтан қоректендіру параметрлерін ескереді.

5 Өтпелі сызықтық жолдарды баптау учаскедегі арналарды бөлу пункттерінің болуына және санына қарамастан, әрбір қайта қабылдау учаскесі бойынша жеке анықталады.

6 Кабельдік байланыс желілерінде қарапайым топтық жолдарды баптау 6125-0305-(0601, 0609, 0617) дара сметалық бағалар бойынша анықталады.

7 Құрама топтық жолдарды баптау тиісті топтық жолдың транзиттік пункттерінің санына байланысты анықталуы керек.

8 Бірнеше бастапқы, екінші немесе үшінші жолдарда барлық топтық жолдарды баптау, біреуінен басқа, 6125-0305-(0601÷0624) дара сметалық бағалар бойынша 0,8 коэффициентімен анықталады.

9 6125-0305-(0701÷0711) дара сметалық бағаларда әрбір арнаны екі бағытта баптау ескерілген.

10 Қайта қабылдау пункттері арасындағы учаскелердегі топтардың транзит пункттері есепке алынбайды.

11 Пайдаланылатын желілік жолдар бойынша байланыс және теледидар арналарын баптау кезінде баптауды аралық пункттерсіз арналарды баптауға арналған дара сметалық бағалар бойынша анықтайды.

12 Дайындалған радиорелелік оқпандар бойынша байланыс арналарын баптауды кабельдік магистральдар арналарын баптауға арналған тиісті дара сметалық бағалар бойынша анықтайды, бұл ретте әрбір радиорелелік станция (ОРС) немесе арналарды бөлу пункті кабельдік магистральдың қоректендіру пунктіне теңестіріледі.

13 Екі кабельді жүйелердің ауылдық байланыс арналарын баптау әуе тізбектерінің бір арналы жүйелерін баптауға арналған 6125-0305-(0201÷0234) дара сметалық бағалар бойынша анықталады.

14 Магистральдарда қызметтік байланысты баптауды 1,5 коэффициентімен кабельді екі сымды немесе төрт сымды тізбектердің тоналды жиілік арнасын баптауға арналған дара

сметалық бағалар бойынша анықтайды.

6125-04-кіші бөлім Радиобайланыс, радиохабар тарату, радиофикация және телевизия жабдықтарын монтаждау

6125-0401-топ Қуаты 2000 кВт-қа дейінгі таратқыш жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда шкафтардың астына раманы жасау мен орнатуды, шкафтар мен қоршаулар шегінде жерге қосуды қоса алғанда, зауыттық жиынтықтағы таратқыштарды, қосалқы жабдықтарды, басқару пульттерін және күштік тетіктерді монтаждау ескерілген.

2 Дара сметалық бағаларда трансформаторлар мен дроссельдерді тексеру ескерілмеген.

6125-0403-топ Ультрақысқа толқынды таратқыш және телевизиялық станция жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда таратқыштар шкафтарының жақтауын, қосу көпірлерін, шкафта жабдықтар мен бөлшектерді орнату, шкаф ішіндегі жалғанымдарды орындау ескерілген.

2 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілмеген:

- а) техникалық ғимаратта ЖЖ жерге тұйықтауды төсеу;
- б) таратқыштың қоршауынан тыс желдеткіш пен суыту ауа өткізгіштерін монтаждау

6125-0404-топ Жоғары жиілікті фидер жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда бекіту конструкцияларын дайындау және орнату ескерілген.

2 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілмеген:

- а) қабырғада өтпелердің құрылғысы және жылыту бойынша жұмыстар;
- б) соғу шығысы.

6125-0405-топ. Антенналық коммутация аппаратурасы және таратушы радиостанциялардың антенналық құрылғылары ББС аппаратурасының жабдығын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда жақтауларды орнату ескерілмеген.

6125-0406-топ Жоғары жиілікті жерге тұйықтау жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1. Дара сметалық бағаларда жерге тұйықтау шиналарын төсеу, бекіту және бояу ескерілген.

2 Дара сметалық бағаларда мыс таспасының, мыс сымының шығысы ескерілмеген.

6125-0407-топ Таратқыштарды салқындату

Кіріспе нұсқаулар

- 1 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілген:
 - а) құбырларды монтаждау;
 - б) суды салқындату жүйесін жуу және гидравликалық сынау.
- 2 Таратқыштарды монтаждауға арналған дара сметалық бағаларда стендтерге арналған конструкциялар мен қоршауларды орнату ескерілген.
- 3 Дара сметалық бағаларда стендтерді полиэтилен және мыс құбырларымен байлау ескерілмеген.

6125-0408-топ Аппараттық-студиялық телевизиялық орталықтар мен радиоүйлердің жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

- 1 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілмеген:
 - а) жабдықпен жиынтықта жеткізілмеген рамаларды дайындау және орнату;
 - б) аппаратура астына үстел орнату;
 - в) талшық қимасы 10 мм² асатын күштік кабельдерді шеткі бөлу;
 - г) кабельдер мен сымдарды төсеу.

6125-0409-топ Радиорелелік байланыс желісінің жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

- 1 Дара сметалық бағалар 2, 4, 6, 8 және 11 ГГц диапазонындағы аппаратураның станциялық жабдықтарын орнатуға арналған.
- 2 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілмеген:
 - а) жабдықты баптау;
 - б) жабдықпен толық жеткізілмеген рамалар мен конструкцияларды дайындау және орнату.
- 3 Жабдықты дінгектердегі немесе мұнаралардағы кабиналарға орнату кезінде жұмысшылардың еңбек шығындарына В қосымшасында келтірілген коэффициенттер қолданылады.

6125-0410-топ Жылжымалы объектілері бар радиобайланыс жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

Дара сметалық бағаларда кабельдердің ұштарын кесу және жабдыққа қосу ескерілген.

6125-0411-топ Радиотрансляция торабының жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

- 1 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілмеген:
 - а) шкафтар мен стативтер (тіреулер) үшін раманың құрылғысы;
 - б) қуаты 25 -30 кВт сымдық тарату күшейткіш блоктарын монтаждау.

6125-0412-топ Театр-ойын-сауық кәсіпорнының дыбыс-техникалық қондырғысы жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

- 1 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілмеген:
- а) жабдықпен жиынтықта жеткізілмеген рамаларды дайындау және орнату;
 - б) талдың қимасы 10 мм-ден асатын күштік кабельдерді және бақылау кабельдерін шеткі бөлу;
 - в) кабельдер мен сымдарды төсеу.

6125-05-кіші бөлім Антенна, толқын өткізгіш, фидер және дінгектер мен мұнаралардың сигналдық жарықтандыру жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1. Дара сметалық бағаларда негізгі материалдық ресурстар ескерілмеген және оларды жұмыс жобалары, жұмыс сызбалары немесе есептеу деректері негізінде анықтау қажет.
 2. Жұмыстарды жүргізуді қиындататын жағдайларда жұмыс істеген кезде жұмысшылардың еңбек шығындарының құнына келесі коэффициенттер қолданылады:
 - а) батпақта жұмыс істегенде – 1,5;
 - б) жұмыс істеп тұрған антенна алаңында жұмыс істеп тұрған антенна-дінгек құрылыстары арасында - 1,1;
 - в) сондай-ақ, жоғары жиіліктегі токтардың бағытталуын тудыратын жұмыс істеп тұрған антенна құрылғыларына жақын жерде - 1,2.
- Ескерту - б) және в) тармақтарының коэффициенттерін бір мезгілде қолдануға рұқсат етілмейді. Егер жұмыс жағдайларын қиындататын бірнеше факторлар болса, тек бір үлкен коэффициент қолданылады.

6125-06-кіші бөлім Электр дабыл, өрт, шақыру және қашықтықтан сигнал беру жабдықтарын монтаждау

6125-0601-топ Электр дабыл және өрт дабылы жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

- 1 Дара сметалық бағаларда аспаптарды, аппараттарды орнату және монтаждау сапасын тексеру ескерілген.
- 2 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілмеген:
 - а) қабылдау-бақылау аспаптарының жиынтығына кірмейтін конструкцияларды дайындау және монтаждау;
 - б) бұғаттау сымын жұқа тақтаймен, оргалитпен және басқа да материалдармен механикалық зақымданудан қорғау, сондай-ақ бұғатталған бетті бояу;
 - в) 5 м және одан жоғары биіктікте жұмыстарды жүзеге асыру кезінде көтергіш механизмдерді пайдалану немесе ормандарды орнату;
 - г) хабарлағыштардың (датчиктердің) шығысы;
 - д) қосымша орнатылатын диодтарды, резисторларды монтаждау;
 - е) өрт-күзет дабылы жүйесіне іске қосу-жөндеу жұмыстарына арналған дара сметалық бағалар бойынша айқындалатын қабылдау-бақылау аспаптары мен сигнал беретін объектілік құрылғыларды орнату кезінде жабдықты электрлік тексеру және жүйені тұтастай сынау;
 - ж) дербес компьютерді пайдалана отырып, бағдарламаланатын логикалық станция (бақылау және басқару пульті) немесе АЖО (автоматтандырылған жұмыс орны) базасында күзет-өрт дабылы жүйелерінің жабдықтарын (датчиктерден басқа) монтаждау, сондай-ақ

іске қосу-баптау жұмыстарына арналған дара сметалық бағалар бойынша айқындалатын, көрсетілген жүйелерді тұтастай электрлік тексеру және сынау.

3 Еден деңгейінен 5 м және одан жоғары биіктікте хабарлағыштар мен сымдарды орнату кезінде монтаждау жұмысшылардың еңбек шығындарының құнына келесі коэффициенттерді қолдана отырып, тиісті кіші бөлімнің дара сметалық бағаларына сәйкес анықталады:

1,1 - 15 м-ге дейін биіктікте;

1,25 - 15 м-ден жоғары биіктікте.

4 6125-0601-(0402÷0403) дара сметалық бағаларда беттерді бір талшықты сыммен бұғаттау ескерілген; екі бір талшықты сыммен бұғаттау 1,6 коэффициентімен тиісті дара сметалық бағалар бойынша анықталады.

5 Бөлу негізі жоқ 2-3 талшықты сымдарды төсеу 6125-0601-0503-дара сметалық баға бойынша анықталады.

6 ЕҚМО қорғауындағы ғимараттарда, мұражайларда, ғибадат үй-жайларында жұмыстарды орындау кезінде хабарлағыштарды, объектілік аспаптар мен құрылғыларды, сымдарды ашық төсеу кезінде монтаждау 1,5-тен 2-ге дейінгі коэффициентпен 6125-0601-(0201÷0206, 0301÷0309, 0501÷0504) дара сметалық бағалар бойынша анықталады. Коэффициент мөлшері тапсырыс берушімен келісіледі.

7 6125-0601-0701-дара сметалық бағада бір сыртқы құрылғының, бір дабыл шлейфінің және ҚБА-ны кезекші режимге қою-алу үшін бір құрылғының қосылуын ескере отырып, қабылдау-бақылау (ҚБА) күзет-өрт сөндіру аспаптарын монтаждау бойынша жұмыстар ескерілген.

6125-0601 - (0701÷0704) дара сметалық бағаларда мынадай өлшем бірліктері қабылданған:

- сыртқы құрылғы-ұнтақты өрт сөндіру модульдері;

- шлейф - (күзет-өрт дабылы)-өрт хабарлағыштарынан тарату қорабына немесе қабылдау-бақылау аспаптарына дейін төселетін сымды және өткізбейтін байланыс желілері.

6125-0602-топ Электрочасофикация жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда аппаратураны орнату, кабельдер мен сымдардың талшықтарын электр сағаттарына қосу, мұнара сағаттарының механизміне тіреуішті орнату ескерілген.

2 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілмеген:

а) мұнара электр сағаттарына арналған тілшелер мен циферблат жасау;

б) электр сағаттарын ілуге арналған кронштейндер;

в) қайталама электр сағаттарына тарату желілері.

6125-07-кіші бөлім Байланыс желілерінің жабдықтарын монтаждау

Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда материалдық ресурстарды (дара сметалық бағаларда ескерілгендерді қоспағанда) кабельдік байланыс желілері трассасы бойынша тасымалдау ескерілмеген

6125-0701-топ Қалааралық кабельдік байланыс желісінің жабдықтарын монтаждау**Кіріспе нұсқаулар**

- 1 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілген:
 - а) төсеуге дейін және кейін трассаны жоспарлау;
 - б) тереңдігі 1 м дейінгі су айдындары арқылы өткелдер құрылғысы (6125-0701-(0101÷0116));
 - в) тереңдікті өлшеумен су айдынының түбін тексеру (6125-0701 - (0201÷0211));
 - г) кабельді тексеру үшін қазаншұңқырларды қазу және оларды толтыру;
 - д) кабель төсегенге дейін және кейін 6125-0701-(0201÷0210) дара сметалық бағалар және муфталарды монтаждау кезінде өлшеу кешені 6125-0701-(0401÷0414, 0501÷0514, 0601÷0614, 0701÷0714, 0801÷0821, 0901÷0946, 1001÷1022, 1101÷1115) дара сметалық бағалар;
 - е) муфталарды монтаждау кезінде симметриялау.
- 2 Муфталарды монтаждау кезінде және монтаждалған күшейткіш учаскелерде герметикалықты тексеру және кабельді сығылған газбен толтыру 6125-0701-(1401÷1420) дара сметалық бағалар бойынша анықталуы керек;
- 3 Кабельді монтаждау соңғы кабельдің құрылғысы (СКК) кезінде тікелей муфталарды монтаждауға арналған (6125-0701-(1001÷1022)) дара сметалық бағалар бойынша анықталуы керек.
- 4 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілмеген:
 - а) «61-шығарылым «Тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттар» 24-бөлім «Электрмен жабдықтаудың сыртқы желілері» тиісті дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын жерге тұйықтағыштарды монтаждау;
 - б) жабдық ретінде есепке алынатын бақылау-өлшеу пункттеріне, пупин орауыштарына арналған конструкциялар (6125-0901-1509-дара сметалық баға бойынша).
 - в) «Электрмен жабдықтаудың сыртқы желілері» деген 24-бөлімнің тиісті дара сметалық бағалары бойынша айқындалатын ордағы кабельге арналған төсем құрылғысы және кабельді кірпішпен жабу;
- 5 Трассаның орманды және жоталары көп учаскелерінде I және II топтардың топырақтарында кабельдер мен сымдарды кабель төсегіштермен төсеу III топтың топырақтарында кабельдер мен сымдарды төсеуге арналған 6125-0701-(0101÷0116) дара сметалық бағалар бойынша анықталады.
- 6 Жолдың батпақты учаскелерінде кабельдер мен сымдарды төсеу былайша анықталады:
 - кабель төсеу бағаналары үшін өтетін орындарда III топтың топырақтарында кабельдер мен сымдарды төсеуге арналған 6125-0701 - (0101÷0116) дара сметалық бағалар бойынша;
 - ұзындығы 200 м дейін жекелеген өтпейтін батпақты учаскелерде тасталған тростардағы су айдындары арқылы өтуге арналған 6125-0701 - (0201÷0211) дара сметалық бағалар бойынша.
- 7 Кабель төсегішпен құрылыс ұзындығы 300 м және одан аз коаксиалды кабельдерді төсуді 1,1 коэффициентімен 6125-0701-(0113÷0114) дара сметалық бағалар бойынша; 1,2 коэффициентімен 6125-0701-(0115÷0116) дара сметалық бағалар бойынша айқындайды.
- 8 Төсеу тереңдігі 0,9 м-ден асатын радиофикация кабельдерін төсеу 1,3 коэффициентімен 6125-0701 - (0109÷0110) дара сметалық бағалар бойынша анықталады.
- 9 Кабель төсегішпен кабель желілерінің найзағайдан қорғау сымдары мен тростарын төсеу 6125-0701-(0109÷0110) дара сметалық бағалар бойынша анықталады.
- 10 Кабельдің созылған ұштарын орға тарта отырып, көшелер мен жолдар арқылы жасырын өткелдерде кабельдерді төсеу құрылыс ұзындығының 30%-ымен 6125-0702 - (0101÷0107) дара сметалық бағалар бойынша және 70%-ымен 6125-0701 - (0301÷0307) дара

сметалық бағалар бойынша, өтулер саны кабельдің бір құрылыс ұзындығына екіден артық болған кезде 6125-0702 - (0101 ÷ 0107) дара сметалық бағалар бойынша қабылданады.

11 Тармақталған муфталарды монтаждау екі тармақта (сұққыда) 1,1 коэффициентімен, екі тармақтан көп 1,3 коэффициентімен тиісті сыйымдылықтағы тікелей муфталарды монтаждауға арналған дара сметалық бағалар бойынша анықталады.

12 Төмен жиілікті кабельдердің түйіспелі конденсаторлық және пупин муфталарын монтаждау түйіспелі муфталар үшін 1,25 коэффициентімен; конденсаторлық және пупиндік муфталар үшін - 1,4 коэффициентімен 6125-0701-(0601÷0614, 0701÷0714) дара сметалық бағалар бойынша анықталады.

13 Жоғары жиілікті симметриялы кабельдерде симметриясыз түйіспелі муфталарды монтаждау тікелей муфталарды монтаждау сияқты 6125-0701-(0801÷0821, 0901÷0946) дара сметалық бағалар бойынша анықталады.

6125-0702-топ. Қалалық кабельдік байланыс желісінің жабдықтарын монтаждау Кіріспе нұсқаулар

1 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілмеген:

а) 6125-0701-(1401÷1408) дара сметалық бағалар бойынша анықталатын муфталарды монтаждағаннан кейін кабельді сығылған газбен айдау;

б) кабельді тапсырыс берушінің қоймасына тасымалдау 6125-0702 - (0825÷0831) дара сметалық бағалар бойынша;

в) жерге тұйықтау құрылғысы;

г) 6125-0702-0923 дара сметалық баға бойынша қабырға арқылы өту.

2 Кәрізде жоғары жиілікті байланыс жүйелерімен тығыздауға арналған кабельдерді төсеу 1,15 коэффициентімен 6125-0702-(0101÷0107) тиісті дара сметалық бағалар бойынша анықталады.

3 Кабель талшақтарын қатарласу дәнекерлеумен муфталарды монтаждау кезінде 6125-0702-(0301÷0311, 0401÷0437, 0501÷0517) дара сметалық бағаларға 1,1 коэффициентін қолдану керек.

4 Кабельдердегі тармақтағыш муфталарды монтаждау 1, 1 коэффициентімен - екі тармақталуға (сұққыға) дейінгі тікелей муфталарды монтаждауға арналған дара сметалық бағалар бойынша айқындалады;

1,15 - үш тармаққа дейін (сұққы);

1,3 - алты тармаққа дейін (сұққы);

1,5 - 10 тармаққа дейін (сұққы);

1,6 - 10 тармақтан астам (сұққы);

5 Индуктивтік жәшіктердің тұрақтандырғыш кабельдерін қосумен тармақтағыш муфталарды монтаждау кезінде әрбір 100 пупинделген жұпқа тиісті сыйымдылықтағы муфталарды монтаждау бойынша еңбек шығындарына 3,26 адам-сағ қосу керек.

6 Индуктивтілік жәшіктерін орнатуға арналған (6125-0702-(0601÷0604)) дара сметалық бағаларда монтаждау және өлшеу кешені ескерілген. Зауытта монтаждалған тұрақтандыру кабелі бар индуктивтілік жәшіктерін қолданған кезде жәшіктерді орнату 6125-0701-1504-дара сметалық баға бойынша анықталады.

7 Аспалы және қабырғаларға салынған кабельдерге муфталарды монтаждау құдықтардағы муфталарды монтаждауға арналған дара сметалық бағалар бойынша анықталады.

6125-0703 топ Әуе байланыс желісін өлшеу**Кіріспе нұсқаулар**

Осы топ бағаналар мен тіректік сызықтарға ілінген байланыс және радиофикация тізбектерін электрлік өлшеуге арналған дара сметалық бағаларды қамтиды.

6125-0704-топ Кабельдік талшықты-оптикалық байланыс желісі жабдығын монтаждау**Кіріспе нұсқаулар**

- 1 Дара сметалық бағаларда мыналар ескерілмеген:
 - а) материалдық ресурстарды кабельдік желілер трассасы бойынша тасымалдау;
 - б) ордағы кабельге арналған төсем құрылғысы «Электрмен жабдықтаудың сыртқы желілері» деген 24-бөлімнің тиісті дара сметалық бағалары бойынша айқындалады;
 - в) саны жобаға сәйкес жеке анықталатын кабельдер, ШСБ баулары, УССЛК полиэтилен құбырлары, камералар.
- 2 Тармақтағыш муфталарды монтаждау еңбек шығындары мен машиналардың жұмыс уақытына 1,1 коэффициентімен тиісті сыйымдылықтағы тікелей муфталарды монтаждау дара сметалық бағалар бойынша анықталады; құдықтағы аймақтық кабельдегі муфталарды монтаждау жұмысшылардың еңбек шығындарының құны мен машиналарды пайдалану уақытына 0,95 коэффициентін қолдана отырып, 6125-0704 - (0601÷0608) дара сметалық бағалар бойынша анықталады.
